

## Ақөре ауылындағы көшелерді қайта атап туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ақөре ауылының әкімінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 маусым № 3872 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумактық құрылышы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Ақөре ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Ақөре ауылындағы Первомайская көшесінің атап – Достық көшесі болып, Ақөре ауылындағы Октябрьская көшесінің атап – Женіс көшесі болып, Ақөре ауылындағы Школьная көшесінің атап – Бейбітшілік көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақөре ауылының әкімі*

*A. Сыздыков*